

Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 766 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 808 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.07.2014 № 808 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы үлгі ереже **б е к і т і л с і н .**

2. «Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы № 988 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 37, 511-кұжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

8

м а у с ы м д а ғ ы

№

7 6 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы үлгі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары (республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудандары (облыстық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші органның (бұдан әрі – консультативтік-кеңесші орган) мәртебесін және өкілеттіктерін айқындайды.

2. Консультативтік-кеңесші орган қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету, оларды оңалту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелері қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылады.

2. Консультативтік-кеңесші органның міндеттері

3. Консультативтік-кеңесші органның негізгі міндеттері:

1) қылмыстық жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқаратын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен бөліністерінің қызметіне көмек көрсету ;

2) заңнамаға сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алуға тапсырыстар орналастыру ;

3) сотталғандардың еңбегін, оның ішінде бас бостандығынан айыру түрінде қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдарды еңбекпен қамтамасыз ету мақсатында коммуналдық қызметтер мен кәсіпорындардың қажеттілігі үшін түзеу мекемелерінің жанындағы өндірісті дамытуды ұйымдастыру ;

4) заңнамаға сәйкес сотталғандарды еңбекте пайдалану жолымен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен кәсіпорындарын өңірлік және жергілікті маңызы бар проблемаларды шешуге тарту ;

5) бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру ;

6) қайырымдылық концерттерін, кездесулер, дәрістер, сотталғандарға заң кеңесі мен өзге де құқықтық көмекті, спорттық, ағартушылық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға, мекемелердің кітапхана қорларын толықтыруға көмек көрсету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жанындағы консультативтік-кеңесші органның міндеттеріне:

1) босатылатын сотталғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыруға көмек көрсету бойынша жергілікті атқарушы органдардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасуын үйлестіру;

2) қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті, оның ішінде мүгедектер мен зейнеткерлерді мүгедектер және қарттар үйлеріне орналастыруды ұйымдастыру;

3) сотталғандардың шағымдары мен өтініштерін түзеу мекемелері әкімшілігінің уақтылы және дұрыс шешуіне көмек көрсету;

4) жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің түзеу мекемелері комиссиясының қызметіне қатысуы;

5) сотталғандарды ұстаудың коммуналдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық жағдайларын жақсартуға көмек көрсету;

6) түзеу мекемелерінде жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды қарау жатады.

5. Ауданның (облыстық және республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жанындағы консультативтік-кеңесші органның міндеттеріне:

1) қылмыстық жаза қолдану тәртібінде қоғамдық жұмыстарға тартылған адамдар үшін қоғамдық жұмыс объектілерін белгілеу бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыру;

2) түзеу мекемелерінен босатылған, сондай-ақ қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасын өтеп жүрген адамдарға еңбекке және тұрмыстық орналасуға, әлеуметтік және өзге де көмектің басқа түрлерін ұйымдастыруға көмек көрсету бойынша ұсыныстарды қарау жатады.

3. Консультативтік-кеңесші органның өкілеттіктері

6. Консультативтік-кеңесші орган:

1) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

2) мемлекеттік органдардан консультативтік-кеңесші органның міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты, материалдарды сұратуға және алуға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен түзеу мекемелеріне, түзеу жұмыстарындағы сотталғандардың жұмыс орындарына, мерзімінен бұрын шартты түрде, шартты түрде босатылғандарға және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шараларына сотталған басқа да адамдарға баруға;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің басшыларын, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшыларын консультативтік-кеңесші органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, алайда жылына кемінде екі рет тыңдауға құқылы.

4. Консультативтік-кеңесші органның жұмысын ұйымдастыру

7. Жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультативтік-кеңесші орган жергілікті атқарушы органның қаулысымен құрылады.

8. Консультативтік-кеңесші органның құрамы денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар, мәдениет, білім беру, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, жер қатынастары, дене шынықтыру салаларында басқаруды және үйлестіруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар басшыларының қатарынан қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

9. Консультативтік-кеңесші органның құрамына лауазымы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органының бастығы кіреді.

10. Консультативтік-кеңесші органның құрамына орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ келісім бойынша прокуратура өкілдері, мәслихат депутаттары кіреді.

11. Консультативтік-кеңесші органды жергілікті атқарушы орган басшысының орынбасары басқарады.

12. Консультативтік-кеңесші органның дербес құрамын жергілікті атқарушы орган айқындайды және мәслихат бекітеді.

13. Консультативтік-кеңесші органның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

14. Консультативтік-кеңесші органның кезекті отырысының күн тәртібін, сондай-ақ оның өткізілетін орнын, уақытын, тәртібін және мерзімін консультативтік-кеңесші органның басшысы белгілейді.

15. Консультативтік-кеңесші органның шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

